

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1792.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1639 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 143 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын және 15 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 шілдедегі N 927 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1792 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі
орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Жоғары білім мен ғылым бас басқармасы

Орта білім бас басқармасы

Экономика және қаржы бас басқармасы

Арнаулы орта білім басқармасы

Кәсіптік-техникалық білім басқармасы

Халықаралық ынтымақтастық басқармасы

Талдаумен және ұйымдастыру-кадрлық қамтамасыз ету басқармасы

Инспектрлау басқармасы

Тәрбие жұмысының оқу-әдістеме бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру бөлімі

Заң бөлімі

Әскери-жұмылдыру және арнайы жұмыстар секторы